

ИЗРАИЛЬДІҢ ЖАСАНДЫ ШЕКАРАСЫ**Уразғалиева Мадина Мақсатқызы**madinka.urazgalieva@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті,
Шығыстану кафедрасының 3 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Әлібекұлы А

Таяу Шығыс мәселесі әлемдегі шешілмеген қақтығыстардың ішіндегі ең ұзағы, оны бейбіт жолмен шешу процесі ондаған жылдар бойы бүкіл әлем қауымдастығы үшін өзекті мәселелердің бірі.

Біраз тарихқа көз жүгіртіп кетсек, антисемиттік мәлімдемелерге қарсы тұру мақсатында Теодор Герцль өзінің «Еврей мемлекеті» атты кітабында еврей мәселесінің жалғыз шешімі - тәуелсіз еврей мемлекетін құру деп айтып кеткен. Оның атқарған жұмыстары, еңбегі Израиль мемлекетінің құрылуының алғышарттары ретінде саналды. Ұлыбританиямен қарым-қатынаста болған Теодор Герцль қалаған «Сиониттік ұйым», Бальфур Декларациясына түрткі болды. Осылайша, Бальфур декларациясы Палестина жерінде Израиль мемлекетін құру идеясымен 1917 жылы Ұлыбританияның сыртқы істер министрі Артур Джеймс Бальфурден лорд Лайонель Уолтер Ротшильдке жолданды.

Жоғарыда аталып кеткен тарихи алғышарттар, нәтижесінде ХХ ғасырдың 40-жылдарында Палестинада бірдей еврей және араб мемлекеттерін құру туралы шешімі Таяу Шығыс мәселесіне алып келді. Бұл шешім 1947 жылы 29 қарашада, БҰҰ Бас ассамблеясы Иордан өзенінің батыс жағалауында екі - еврей және араб мемлекеттерін құруға оң дауыс берген кезде қабылданды. 33 мемлекет Палестинаның бөлінуіне (соның ішінде Франция, АҚШ және Кеңес Одағы) оң дауыс, 13-і қарсы дауыс беріп, 10-ы қалыс қалды (соның ішінде Ұлыбритания) [1, 213-б.].

Осы мәселелерге байланысты, 2002 жылы 23 маусымда А.Шарон үкіметі № 2077 шешіміне байланысты Батыс жағалау мен Шығыс Иерусалимнің жекелеген учаскелерінде үздіксіз тосқауыл салу жоспарын бекітті. Ал бұл тосқауылдың құрылысы 2003 жылдың тамыз айында қарқынды жүріп кетті және бұл қабырға Иордания шекарасынан басталып, өлі теңізге дейін салынбақ. Шындығында, Израиль үкіметінде тосқауыл қою туралы алғашқы ұсыныс 1992 жылы премьер-министр Ицхак Рабиннің ұсынысымен басталған. Израиль лидерлері мұндай тосқауыл салу идеясын дәстүрлі сионизм идеологтарының бірі Зеэв Жаботинскийден алған. Ол палестиналықтар мен еврейлер арасында бейбітшіліктің болуы мүмкін емес деп сеніп, алғашқы еврей қоныстанушыларына арабтардан «темір қабырға» арқылы оқшаулануды ұсынған. Еуропалық мәдениетті бойына сіңірген адам ретінде оған Шығыс өркениеті өзінің дамуынан 500 жыл артта қалғандай көрінді, ал арабтар жергілікті тұрғындар (туземцы) сияқты болды. Жаботинский болашақ Израиль мемлекетінің өмір сүруінің жалғыз жолы ретінде Таяу Шығыстағы көршілері тосқауылды бұзып, басып кіре алмайтын «темір қабырға» құрылысын іске асыруды ғана көрді [2].

Қуатты бетон қабырға Батыс жағалаудағы қозғалысты бақылауға және егемен Израиль аумағында да, елді мекендерде де болуы мүмкін террорлық шабуылдардың алдын алуға мүмкіндік берді. Израильдің мұндай жасанды шекараны салудың бірнеше себептері мен мақсаттары бар. Олар: - қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Израиль мемлекетінің аумағын террористік шабуылдардан қорғау;

- палестиналық лаңкестердің және мергендердің шабуылынан еврейлердің елді мекендерін, коммуникациялары мен шекараларын қорғау;

- араб халқының негізгі бөлігін еврей халқымен қақтығысынан қорғау;

- Израильден аумақтарды түпкілікті бөлу үшін алғышарттар жасау және мемлекеттердің нақты шекарасы ретінде тосқауылды белгілеу;

- Израиль мемлекеті үшін кейбір маңызды жерді бақылау.

Осыған орай, Израиль үкіметінің мәліметінше, 2003 жылы тосқауылдың кішкене ғана бөліктері террористік шабуылдарды 50%-ға азайтқан [3]. Әрине, мұндай қорғаныс қабырғасы Израиль халқына үлкен пайдасын әкелсе де, Палестина халқына кері әсерін тигізуде. Осыған байланысты, әлемдік қауымдастық та осы мәселеге байланысты шетте қалмады. Мысалы, 2004 жылы Халықаралық Сотта жасанды тосқауыл туралы мәселені қарастыру хабары пайда болды. Кеңес беру қорытындысында мұндай құрылыс заңсыз және халықаралық құқықты бұзатын процесс ретінде танылды. 2003 жылы Ресей, сонымен қатар ЕО елдері және Америка Құрама Штаттары тосқауылдың құрылысын ресми түрде айыптады [4]. Бұдан бөлек, қабырғаның тұрғызылуы палестиналықтардың зор наразылығын тудырады. Қабырға ішінара «Жасыл сызықтан» асып, Палестина аумағы арқылы өтеді.

Енді шамамен 60 метр биіктікке, 730 км қашықтыққа созылатын бұл қабырғаның әлемдегі басқа осы секілді қабырғалардан айырмашылығын, ерекшеліктерін және Палестина халқына қандай қиындықтар туғызғанына тоқталайық.

Біріншіден, қабырға жай ғана бетон, тікенді сымнан ғана жасалған жоқ, ол сонымен қатар, заманауи электронды қоршаумен, телекамералармен, инфрақызыл анықтау құрылғыларымен, радиолокациялық станциялармен қамтылған. Екіншіден, ену белгілерін анықтау немесе ескерту сигналын беру құрылғылары орнатылған және әрбір 2 км сайын бақылаушы мұнаралар қабырға бойымен Израиль елді мекендеріне жақын жерде орнатылған [5, 126-127-б.].

Мұндай жағдайда, әрине, қабырғаның басқа жағына өтудің өзі қиындай түседі. Израиль үкіметі Палестина халқына жасанды шекарадан өтуге біршама қиындықты басынан кешіруге мәжбүр етеді, сонымен қатар, бұл шекарадан кез-келген Палестина азаматы өте алмайды. Израильге жұмысшылардың кіруіне тыйым салынғаннан кейін, жұмыссыздық деңгейі 70% -дан асты, бұл күнделікті өмірді қиындата түсірді. Батыс жағалаудың тұрғындары Израильге жұмыс істесе, емделсе немесе туыстарына барса ғана рұқсат алып, шекарадан өте алады. Израиль азаматтардың шекарадан асу мақсатына байланысты рұқсаттардың 100-ден астам түрін береді: шетелге саяхаттау, оқу, туыстарына бару, жерлеу немесе үйлену тойына қатысу, емделу, жұмысқа жалдану және т.б.

Егер палестиналықтар Израильге кіруі керек болса, онда олар қарапайым күндерден гөрі мұқият тексеруден өтеді. Әрине, барлық палестиналықтар тосқауылдан өте алмайды, ол үшін олар бірқатар рәсімдерден өтулері тиіс. Алдымен Палестина азаматтары 16 жастан бастап берілетін биометриялық карта алу керек, картаның құны - 130 шекел [6]. Мұндай карта екі жылда бір рет жаңартылып отырады. Биометриялық картаны алудың өзі біршама жұмысты қажет етеді. Өтініш беруші Израильдің аумақтық үкіметтік байланыс бөліміне өтініш беруі керек, өтінішінде міндетті түрде жеке мәліметтер, оның ішінде өтініш берушінің әкесі мен атасының аты, сапар мақсаты, сонымен қатар, құжаттар көшірмелері де жіберіледі: жеке куәлік және сапар мақсатына байланысты қосымша мәліметтер. Соның өзінде де, Израиль тарапынан белгісіз себептермен шекараны өту туралы рұқсатқа тыйым салуы мүмкін. Бірақ, Иорданиялық азаматтығы бар немесе Шығыс Иерусалимде тұратын палестиналықтар үшін рұқсат алу оңайға келеді. Газа мен Батыс жағалау арасындағы Палестина азаматтарының қозғалысы қатаң қауіпсіздік режиміне байланысты қиыға соғады. 2019 жылы сектордан шығуға рұқсат алған адамдардың саны шамамен 12 мың ғана азаматтарды құрды.

Тосқауылдан өту процесі ғана біршама проблемалар тудырмайды, сонымен қоса, Батыс жағалаудағы тұрғындардың экономикасына әсер етіп, біраз құлдырауға ұшыратты. Жасанды қабырға ұтқырлықтың күрделілігіне байланысты саудаға, бизнеске және инвестицияға теріс әсерін тигізеді. Дүниежүзілік банктің мәліметтеріне сәйкес, Палестина Ұлттық Әкімшілігінің экономикасы жасанды тосқауылдың кесірінен жылына шамамен 500 миллион доллардай қаражат жоғалтады [7]. Мұндай саясат бірінші кезекте ауылшарушылығымен айналысатын адамдардың жағдайына соққы берді. Көптеген кландар жалғыз пайда көзі - ауылшаруашылық жерлерінен айырылды. Диқаншы ауылшаруашылық территориясына өту үшін арнайы рұқсат алу керек, ал бұл өз кезегінде Израиль үкіметімен

тіркелген диканшының меншігі туралы құжатты қажет етеді. Жалпылай алғанда, бетон кедергі, экономика негіздерінің бірі болып табылатын Палестина Ұлттық Әкімшілігінің ауылшаруашылық саласына теріс әсер етті. Кедергі тек адамдардың ғана емес, сонымен бірге тауарлардың да еркін жүру процессін шектеп

Тосқауылдың салынуы 1967 жылдан бастап жасыл сызықтағы Палестина қауымдастықтары мен Израиль азаматтары арасында орнатылған сауда байланыстарын жойды. Әрине, мұндай әрекет тек қана Палестина халқының ғана емес, бүкіл әлем қауымдастығының наразылығын тудырды. Тосқауылдың құрылысы Палестина қоғамдық пікірінде соншалықты жағымсыз қабылданғандықтан, оны «апартеидтің бөліну қабырғасы» деп атаған. Көптеген палестиналықтардың пікірінше, тосқауыл израильдіктерді қорғау үшін емес, Батыс жағалауды басып алу үшін жасалған. Палестиналықтар күн сайын қабырғаны кесіп өту процесін Палестина азаматтарына қарсы қорлау деп қабылдайды. Бұл аймақта этникалық негізде жасалған психологиялық қысым ең жоғарғы деңгейге жетіп отыр.

Әрине, мұндай жағдайда Палестина жастары да бос қарап отырмады. Ең қызығы, наразылық қозғалысы ретінде Палестина жастары мәдени формада үлкен қабырғаға граффити суреттемелерін сала бастады. Көптеген суреттердің ішінде ең танымалдары – ұшып бара жатқан еркін көгершін, жартас күмбезі, қарсылықтың белгісі ретінде Палестина туы және «еркіндіктің кілті» белгісі ретінде кілттердің суреттері бейнеленген. Тіптен танымал қозғалыс лидерлерінің портреттері де бейнеленген, олар: Ясир Арафат, Лейла Халед, Ахд Тамими және Разан ан-Наджар. Ал, Батыс стиліндегі граффити мен ағылшын тіліндегі жазулар олардың халықаралық қауымдастықтың назарын аударуға тырысқандықтарын айғақтайды [8].

Израильдің жасанды шекарасын көп жағдайда Палестиналықтардың өзі де 1961-1989 жылдары аралығында бір мемлекетті екіге бөлген Берлин қабырғасына ұқсатады және Израиль салған тосқауылдың құлауына үміт артады. Израильдің жасанды қабырғасы секілді әлем бойынша 50-ден артық түрі бар, мысал ретінде, Кувейт пен Ирак арасында, Сауд Арабиясы мен Йемен арасында, Малайзия мен Тайланд арасында, Пәкістан мен Иран арасында, АҚШ пен Мексика арасындағы қабырғаларды алуға болады. Мұндай қабырғалардың ұзақ тұратынына ешкімде кепілдік бере алмайды, сондықтан Берлин қабырғасы секілді күннің бір күнінде жойылуы мүмкін.

Қорытындылай келсек, бір жағынан, бұл тосқауыл Израиль азаматтарын қорғап, терроризмді алдын-алудың тиімді құралы ретінде саналады, бірақ, екінші жағынан, бұл Палестина тұрғындарының өмірін күрт қиындатып, Палестина қауымдастықтарын құру және дамыту мүмкіндігін шектейді. Сонымен, екі тарап келіссөздер үстеліне отырып, бейбітшілік процесін жандандырмайынша, Израиль Батыс жағалаудың оңтүстігінде тосқауыл қоюды жалғастырады және елді мекендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолданады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Рыжов И.В., Золина Д.М., Интяков А.А. Роль ведущих европейских держав в процессе урегулирования ближневосточного конфликта // Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского. 2008. №5. С.213.
2. Жаботинский В.Е. О железной стене. Речи, статьи, воспоминания. МЕТ, 2004 – 558 с.
3. Saving Lives: Israel's Anti-Terrorist Fence. Answers to Questions. Information and Internet Division Ministry of Foreign Affairs Jerusalem. Jerusalem: Keter Publishing Ltd., 2004. P. 17.
4. Краутхаммер Ч. Гаагский фарс // Вестник. 4 августа 2004. URL: <http://www.vestnik.com/issues/2004/0804/win/krauthammer.htm> (accessed 30.06.2019)
5. Крылов А.В. Израильские поселения на оккупированных арабских территориях (1967–2007 гг.) / А.В. Крылов. М. гос. ин-т международных отношений (ун-т) МИД России. — М. : МГИМО–Университет, 2011. С. 126 — 127.
6. As of January 1, 2019, holders of advanced age permits are required to carry smart cards. Coordination Group for Government Activities in the Territories. 01 November 2018 (In Arabic).

URL: http://www.cogat.mod.gov.il/ar/Our_Activities/Pages/smartcard_for_adults.aspx (accessed 30.06.2019)

7. Area C and the Future of the Palestinian Economy. The World Bank. 2 October 2013. URL: <http://documents.worldbank.org/curated/en/137111468329419171/pdf/AUS29220REPLAC0EVISION0January02014.pdf>

8. Махмутова М.И. — Проблема израильского разделительного барьера в Палестинской национальной администрации // Международные отношения. – 2019. – № 3. – С. 51 - 65.

ӘОЖ 325.111

КОРЕЙЛЕРДІҢ ДЕПОРТАЦИЯЛАНУЫ МЕН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҢА ЖАҒДАЙЛАРҒА БЕЙІМДЕЛУІ

Шакен Нурзат Ринатқызы

nurzat.madenova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті,
Шығыстану кафедрасының 2 курс магистранты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Абжаппарова Б.Ж.

Аннотация. Жұмыста корейлердің Қазақстан жеріне қоныс аударуының тарихи алғышарттары, көшу үдерісі мен салдары баяндалады. Соңғы жылдары бұл мәселе корей этникалық қауымдастығының экономика, мәдениет, әлеуметтік орта салаларындағы алатын орны мен атқаратын орнында кең етек жаюда. Мұндай жағдайларда этникалық қауымдастықтарды, диаспораларды зерттеу ерекше өзектілікке ие. Бұл жерде этникалық қауымдастықтардың қабылдаушы мемлекеттерге келуінің тарихи алғышарттарына және олардың доминант халықпен өзара байланысы, менталитеттің қалыптасуы, әр халықтың ұлттық құндылықтарын сақтауға деген қызығушылықтары арта түседі. Осымен байланысты, миграция үдерісінде адамдардың жат ұлттық ортаға бейімделуі мен сіңісіп кетуі үлкен мәселеге айналады. Зерттеу объектісі – Корей түбегінің шекарасынан тыс өмір сүріп жатқан корей этникасының негізгі халқынан бөлініп, Қазақстанға қоныс аударуы және жаңа жағдайларға бейімделуіне тарихи шолу жасау.

1937 жыл кеңес халқының тарихында барлық ұлттың миллиондаған адамдарына соққы берген жаппай терроризм және репрессия жылы болып қалды. Бұл жыл бұрынғы КСРО корейлерінің жылнамасындағы ең қайғылы кезең болды, оның мәні, бір сөзбен – депортация болып табылады. Қазіргі уақытқа дейін КСРО халықтарын депортациялау тақырыбы ғылыми тұрғыда және қоғамдық талқылау үшін жабық болды, ал кеңес зерттеушілеріне бұл тақырып басқа елдерге қатысты қарастырылды. Сонымен қатар, «депортация» ұғымына біржақты түсінік берілді: «(лат.: deportatio) – жер аудару, қылмыстық және әкімшілік жаза шарасы ретінде мемлекеттен шығару». Салыстырмалы түрде, Вебстердің американдық энциклопедиялық сөздігінде «депортация» мынаны білдіреді: 1. елден қалаусыз адамдарды шығару немесе қуып шығу, 2. үкіметтің арнайы қаулысымен (шетелдіктердің) елден кетуге мәжбүр етілуі; 3. шет елден келген қалаусыздарды елден шығару [1]. Германияның Мейер әмбебап лексикасында сәл өзгеше түсіндірме берілген: «эксплуатациялық режимдер қолданған кезде, әдетте, саяси қарсыластар мен режимге қарсылық білдіретін адамдарды жою үшін, адамдарды алыс аудандарға жаппай көшіру». Көптеген этникалық топтарды мәжбүрлеп көшіру КСРО-да тек бір ұлттық негізде жүргізілді, біздің ойымызша, «жер аудару» ұғымының семантикалық өрісінің нақты анықтамасы әлі тұжырымдалмаған және арнайы теориялық дамуды қажет етеді. Қиыр шығыс корейлері Кеңес Одағының депортациясына ұшыраған алғашқы халық болды, содан кейін ондаған өзге: немістер, күрдтер, қырым татарлары, поляктар, шешендер